

Аты аңызға айналған Қарқаралыдағы Абай түскен «Көк үй». «Көк үйдің» иесі Бекметев Халиуллa Хамитұлы (1833-1905) Қарқаралы

Өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды

АДАМБАЙ ШОЛАҚОВ – ДАЛА БАНКИРИ

университетінің экономика-банк ісі факультетін бітірген. Кейін САГУ-дің заң факультетін бітірген. 1935 жылға дейін КазПИ де

өңірінен шыққан құрметті азамат, көпес, Балқаш өңірінде кен көздерін ашқаны, нақты тарихи деректермен расталған. «Түркістан» газетінде (2 мамыр, 2002жылы) «Белгілі әулеттің белгісіз қырлары» атты көлемді мақала жарық көрді. Авторы - Жамила Бекметева. Осы көк үйдің шаңырағынан өрбіген Жамиланы 1998 жылдан бері жақсы танимын. Жиі-жиі кездесіп, сыр бөлісіп, өзара достық қарым-қатынасымыз үзілген емес. Пейілі кең, ақ көңіл, ойындағысын ашық айтатын мінезді адам. Өткен-кеткен тарихқа ой жүгіртіп, тереңнен толғанып, бабалар рухын тірілтіп республикалық газет-журналдарға мақалалар жазып тұрады. Үзбей оқимын, оқыған сайын риза боламын. Жоғарыда аталған мақаласы мені қатты толқытты, мақаламен бірге берілген сурет көзіме оттай басылды. Фотода Жақып Ақпаев және Адамбай атамның кенже баласы Шаяхмет пен атамыздың немересі, Исатайдың Кәсенбегі бар екен. Жамилаға олардың менің жақын туыстарым екендігін және Адамбай атам туралы айтып бердім. Шаяхмет пен Кәсенбек екеуі де Жақып Ақпаевпен, Ахмет Байтұрсыновпен сыйлас, пікірлес болған. Алаштың қамы үшін газет шығаруға, басқа да саяси іс-шараларды жүзеге асыру үшін оларға қаржылай көмек беріп отырған.



Жамила маған «Адамбай атаңыз туралы деректерді жинастырып, неге мақала жазбайсыз?» - деп көп жылдан бері айтып келеді.

Адамбай Шолақов бес ағайынды болған. Олар - Смағұл, Жолдас, Адамбай, Әйеш, Тұрсын. Адамбайдың аға-інілерінің барлығы да елге жайлы, беделді, белгілі, өте жомарт, Сарыарқаның ең бай азаматтары болыпты. Заманында атанған, нағыз сен тұр, мен атайынның өзі болса керек. Өте ынтымақты, бір-біріне бауырмал екен. Ол туралы деректерді зерттеушілердің еңбектері дәлелдейді.

1880 жылдары Әйеш Шолақов болыс болған, осы кезеңде Жолдас Шолақов би болыпты.

Адамбай Шолақов алғашқыда болыстың орынбасары, кейін көп жыл қатарынан болыстық қызмет атқарған.

Өз кезеңінде Адамбай, жомарттығымен, әділдігімен халқының сүйіспеншілігіне бөленіпті.

Тұрсын Шолақов ерте кезден би болыпты, қайтыс болғанға дейін (24.04.1912 жылы қайтыс болады) сол қызметте жұмыс істепті.

1903 жылғы көктемде аштық басталады, осы жылы Адам-

разованы полиция и суд по законам госсииской империи... Право кочевания казахов было ограничено пределами уезда. Казахи не имели права самовольно переселяться из аула в аул, из волости в волость или кочевать по своему усмотрению: «Русским перереселенцам-крестьянам реформа 1868 года предоставила большие льготы. Они получали бесплатную землю...», «... русские поселения должны были разрезать казахскую степь вдоль и поперек от Оренбурга до Ташкента и от Ташкента через Семиречье до Алтайского края...», «... Ресейдің отары болған уақыт ішінде...60 миллион гектардан артық жері тартып алынған...» Патшалық ресей қазақ халқының еркімен зәредей де есептеспей, тек қана оның жерін тартып алуды көздеген, ...Жайық өзенінің оң жағалуына қазақ ауылдарының малын жаюға тыйым салудан бастайды... 13 қазан 1995 «Халық кеңесі» Рахманқұл Бердібайдың

АДАМБАЙ АТАМНЫҢ РУХЫНА

Атымтай жомарт атанып бүкіл қауымға, Адамбай атам шешіпті дауын-шарынға. Көкала жылқы жайласа бүкіл Арқаны, Байлығын елге аямай шашқан барында. Елдікті аңсап, атса деп алдан жарық таң, Мыңғырған малын аямай өткен халықтан. Болыс та болған, билік те құрған сол кісі, Аппақ пейілін әділдігімен танытқан. Арқаның төсін алалы жылқы қаптаса, Қайдан бітеді Адамбай атам болмаса. Байлықты атам бауырына басып жатпапты, Биіктер еңсем, мәрттігін оның мақтаса. Бұзбай да өткен кісілік, текті қалыбын, Жарқылдап жанып түсірген елге жарығын. Адамбай атын Сарыарқаның қауымы Құрметпен атап, аңыз ғып айтар әлі күн. Өтіпсің, ата, жарқылындай боп жасынның, Қаспан өтам әр кез сынығымын деп асылдың. Ғасыр өткенде атыңды қайта тірілтіп, Жыр арнап сізге, Рухыңа, ата, бас идім!

мақаласынан. Адамбай мен Тұрсынның жылқылары сол кезеңдегі бірінші дүниежүзілік Герман-орыс соғысында орыс әскеріне ат керек деген желеумен ақ патшаның өзі айдапты алыпты. Содан бергі малы да аз болмаған, қанша жұмсаса да кемімеген екен.

Шолақов Адамбай 1921 жылы өмірден озған, Толағай тауының етегіне қойылыпты. Өлтеке Исаның Тәшені,Тобатайға былай деп көңіл айтыпты: Толғанды талабына жеткізген, Қалғанда қарақшыдан өткізген, Кейінгілер үшін

экономикадан сабақ берген. Бай баласы болғандықтан құғындалып, дертке шалдығып, сол дерттен қайтыс болады.

1-ші қатарда ортада Жақып Ақпаев 2-ші қатарда 3-ші Исатаев Кәсенбек 7-ші - Адамбаев Шаяхмет

Ахмет Байтұрсынов айдаудан келгенде, баратын жері болмағандығына байланысты Алматыдағы Қаскелең көшесі 44-ші үйде тұратын Адамбайдың Шаяхметі өзінің үйін Ахмет Байтұрсыновқа берген. Яғни, үйді сатпай, тегін берген. Адамбаев Шаяхметтің аталары қандай болса, өзі де сондай, аз өмір сүрсе де, соны дәлелдеп кетті. Адамбаев Шаяхмет және Исатаев Кәсенбек Жақып Ақпаевқа және Ахмет Байтұрсыновқа тұрақты қаржылай көмек беріп тұрған.

Кәсенбектің жұбайы Қапен апа өте көрікті кісі еді. Қапен апа Доскей бидің қызы. Доскейдің әйелі Есбай байдың қызы. 1928 жылы Доскейді қызылдар атып кеткен.

Исатаев Кәсенбек САГУ-дің заң факультетін бітірген, 1937 жылы ұсталып, Маринскіге жер аударылады, Томск түрмесінде атылған. Артында сол кезде екі-үш жасар қызы Роза және Бұлан деген 1 жасар ұлы қалады.

Адамбайдың Нұрахметі 1907 жылы Ақшатау болыстығының оныңшы ауылында туған. Ел арасында Адамбайдың ақын баласы атанған, шығармашылықпен айналысқан, көптеген қисалар жазған, шығармалары Ташкент мұрағатына тапсырылған.

Адамбай - Тұрсынның балалары аққа да, қызылға да бағына қоймай, қарсылық жасап келген. Олардың тығырықтан шығуына Боранқұлдың да көп көмегі болған. Адамбай ата және оның бауырлары туралы менің аз-кем білген-естігенім, дерек көздерінен әзірше тапқаным осы.

Қылышынан қан тамған Сталиннің сұрқия саясаты адамдар бойындағы үрейді ұдетті. Қоғамға үрке қарау, өткеннің бәрін түкке тұрғысыз деп санау белең алды. Тапқа бөлінушілік тақсиреті аз болған жоқ. Біздің бала кезімізде өткеннің шежіресін білетін құйма құлақ қарттар болды. Бағалай алмадық. Заман ағымы олардың қадір-қасиетін білуге мұрша бермеді. Бір жағынан өмірді өзгерместей көретін жастықтың да кінәсі шығар. Өкінгеннен пайда жоқ.

Тағдырдың дүлей толқыны, аумалы-төкпелі заман не бір ардақтыларымызды сергелдеңге салды. Төңкеріспен бірге келген қызыл қырғын сүттей ұйған қазақ елінің опалаң-топалаңын шығарды. Адамбайдың руы Арғынның Қаракесегінің Кернейі. Адамбай әулеті кеңес дәуірінде байдың тұқымы деген желеумен құғын-сүргінге көп түсті.

Мал да жай кісіге бітпейді. Істің жүйесін, шаруаның жайын бес саусақтай білетін, ұйымдастыру, үйлестіру қабілеті жоғары адам ғана мал басын құрай алады. Мыңдаған жылқыны жаз жайлауы мен қыс қыстауын бабында ұстау да маңдай терді, қақырлы еңбекті талап етеді. Малдың ұстағанның қолында, тістегеннің

бай Шолақов өзінің жеке қаржысына, аштыққа ұшыраған көптеген елді мекендерге дереу көмек жіберген. 30.01.1904 жылы II Николай өз жарлығымен Адамбай Шолақовты "Өз қандастарына, шексіз мейірімділігі және оларды аштықтан аман алып қалғандығы үшін" алтын медалмен марапаттайды, осы атауымен медалды II Николай Адамбайға ғана арнап соқтырған. Адамбай Шолақов кең ойлайтын, көкірегі сара, өте зерек адам болған. Байлығын халықтікі деп санаған, өзін және ұрпақтарын байлықты сақтап, сол байлықты халықтың игілігіне жаратуға құш салған, тарыққанға таратқан, жұртты жұмылдырып басқару рөлін атқарған, барлық іс-әрекетінде Алаш мүддесін ойлаған.

Адамбай Шолақовтың халқына, еліне деген мырзалығы, сүйіспеншілігі шексіз болған.

Тіршілігінде Шолақов Адамбай жомарттығымен аты шыққан, Адамбай мырза атанған. Өспен кенішіне иелік жасаған ағылшын алпауыттарын несиелендіріп отырған. Ағылшындар Адамбайды «Дала банкирі» деп атапты.

Орыс патшасы, қазақтарды орыс әскерінің қара жұмысына ала бастағанда көптеген қазақ балалары, әскерден қайтпай жоғала берген. Осы себепке, Адамбай Шолақов алаңдағандықтан, қара жұмысқа баратын кедейлердің балаларының орнына, орыс әскеріне жылқы беріп отырған кездері де болған.

Шолақ ұрпақтарының барлық іс-әрекеті, халықтың тұрмыс жағдайы үшін жасалып отырған, осы себептің бірі Нұра өзенінің жағалауын сатып алғандығы, бұның астарында көптеген саяси астар бар.

Төрехан Майбастың «Керней шежіресі» атты еңбегіне өзі өте ризамын. Кейбір мұрағат дерегіне де жіті мән беріпті. Мұрағат дерегі бойынша біздің бабаларымыз Нұра өзенінің жағалауын 20 мың рубльге бағалап, сатып алған. Бір жылқының құны бес рубльден аспаған болса, 4000 жылқы жұмсаған. Рысқұлбек пен Мұсаның айтуынша 50 мың руб. жұмсаған, ол кезде де парасы, басқасы болған болу керек. Тек көшіп қонуға кедергі болмас үшін емес, одан басқа көптеген себептер болған. Сондықтан, Нұра өзені бойын шарасыздан сатып алған. Яғни, атамыздың Нұраның бойын сатып алмаса барлық құқтары, Россия заңдарымен шектелген болар еді. Бұл әрекет қандастарын ойлаған, бабамыздың көрегендігі, білгірлігі. Тарихқа үңілсек: «...Кенесары возмутило заявление о том, что земля киргиз-кайсацкой степи составляет неотъемлемую собственность Российской империи». ...Кенесары досы Кенжеден орыс елшісі Долговқа - «зачем русские дарят нас теми землями, которые и без того принадлежат нам?» «Положение 1868 года вся земля была объявлена государственною собственностью Российской империи...». ...Казахам представлялось право пользования землей, за что они обязаны были платить государству повинную кибиточную подать: вместо 1 руо.50 коп. - 3 руб.50 коп.с кибитки в год...».... В Казахстане были об-

Жиделібайсын жер іздеп, Жер жиһанды көп кезген. Кешегі елге керек Есіл дастан, Қыдырдың қыдырғанда Кілтін ашқан. Алапаты жұттан асқан, Адақанды би қылған, Жалғыз аттыны үй қылған. Қысыраған үйірді, Сөзге келмей сый қылған. Алланың бергенін Алты Алашына шашқан! Тақ басында қалған, Дәулеті қасында қалған...

Осы шумақтың әр жолындағы, адамды ойға салатын іс-әрекеттердің өзі Адамбай Шолақовтың елім деп еңіреген азамат екендігін көрсетеді.

Адамбай мырзаның балаларына айтқан өсиеті: - «біздің ұрпаққа Құдайдың берген осыншама шексіз байлығы халқым үшін берілді. Бұл байлықты аң-құс жеп тауыса алмайды, ұрылар ұрлап тауыса алмайды, ұрпақтарым осы байлықты игеріп, көбейтіп, халқым үшін сақтаңдар, халқыма жетсін...», - деген екен дейді, белгілі тарихи еңбектердің авторы, танымал жазушы Кәмел Жүністегі.

1928 жылғы 27 тамызда байларды көмпескелеп, жер аударуға шешім қабылдаған Декретті іске асыру барысында есепсіз байлар зорлықпен көмпескеленді.

Адамбай, Тұрсынның балалары 1928 жылы көмпеске кезінде жан-жаққа жан сауғалайды, кейін 1928 жылы бәрі Алматыға жиналған.

Шолақов Адамбай және Тұрсынның ұрпақтарының, көмпескеленген құрбандары: Адамбаев Исатай, Исатаев Рысқұлбек, Адамбаев Тобатай, Тұрсынов Дәріғұл, Тұрсынов Көріғұл, Тұрсынов Абдуғали, Тұрсынов Абдолла т.б. басқалар болуы мүмкін. Олардың балалары, келіндері, жерлестері де жапа шеккен. Ол туралы зерттеушілердің еңбегінде жан-жақты айтылған. Байларды тап ретінде жою басталғаннан, олардың ұрпақтары қуғында болды. Кеңес заманындағы жазушыларымыз да байларды қанаушы тап ретінде көрсетуі, заманына қарай амалы еді.

Адамбайдың Исатайының бір баласы - Рысқұлбек. Рысқұлбектің әйелі Манура Тобықты руынан Омаш деген болыстың қызы.

Адамбай және Омаш екі болыс бір кездесуде құда болуға келіседі, көп ұзамай ұлан-асыр той жасап, екі жасты үйлендіреді. Манураның дүниесі 9 түйеге артылып, т.б. керек-жарағымен бірге, Манураның жеке қызметшілері де ере келеді. Жастар кеңес үкіметі келгенге дейін бақытты дәурен кешіпті.

Адамбай Шолақовтың баласы Исатай 1934-ші жылы қайтыс болады, Алматыда жерленген.

Адамбайдың Шаяхметі Ақшатау болыстығының онының ауылында 1904 жылы туған. Шаяхмет Мәскеудегі Плеханов атындағы Халық шаруашылығы

аузында кетпеуі үшін жіті бақылау т.б. шаралар керек. Адамбай әулеті заманның тар жол, тайғақ кешуіне қарамастан, талпынып оқыды. Өндіріс пен шаруашылықтың әр саласында білікті мамандар болды, ғылым жолына түсті, мемлекеттік қызметтер атқарды. Олар өте көп, бәрін түгендеп жату мүмкін емес және міндет емес. Жақсы тегіне тартады. «Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді» дегендей, Адамбайдың шөбересі, Мұсаның Тұрахметі жоғары дәрежелі невропатолог. Оңтүстік Кореядегі медицина ғылымының докторы Пак Чжевудың өз қолынан алтын дәрежелі сертификат алған Қазақстандағы тұңғыш қазақ, басқа да көптеген сертификаттың иесі, көптеген ауру жандарды аяғынан тұрғызып, білгір дәрігер атанып келеді. Тұрахметтің қызы Мәлике 12 жасында 2009 жылы 100 клеткалы дойбыдан Қазақстан чемпионы атанған.

Мұсаұлы Қожахметтің тұңғышы Дархан бауырым туралы қысқаша айта кетуді жөн көрдім. 1976 жылы Жамбыл облысының Аса ауылында туған. Құқықтану, саясаттану және қаржы мамандықтары бойынша «Қайнар» университетінде, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу университетінде, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде білім алған. ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікте қызмет істейді, қаржы полициясының капитаны. Сот билігі, атқарушылық іс жүргізу т.б. мәселелер бойынша 60-қа жуық мақалалары баспасөзде жарық көрген. Дархан - әулетіміздің мақтанышы. Құдайға шүкір, беделді, атақты ағайын-туқсын баршылық, менің атымды мақаласына қоспапты деп айта қоймас.

Мұрағаттан Амантай Адамбаев туралы көптеген деректерді кездестірдім. Мұрағатта Амантай Адамбаевтың болыс болғандығы, т.б. деректері келтірілген. Бірақ Амантай Адамбаевты шежіре деректерінен таба алмағандығыма байланысты Амантай Адамбаев туралы зерттелгеннен кейін нақты деректермен жазу керек деп шештім. Басқа да көптеген деректер Адамбаевтардың ұрпақтары зерттелгеннен кейін, жазылар.

Елімізде халқын ойлайтын Адамбай сияқты, мәнді мағыналы, өмір сүрген азаматтар аз болмаған. Еліміздің Ұлан байтақ жерін сақтауға үлес қосқан азаматтардың ұрпақтары ата-бабаларының өмірін зерттеп, өзі үшін, елі үшін, газет, журналдарға т.б. ақпараттарға шығарып, абыз ақсақалдарды елге танытса, жастарды тәрбиелеуге үлес қосатын шығармалар да шығар еді. Белгісіз себептермен, қаншама абыз ақсақалдар туралы, із де қалған жоқ.

Жалпы ата-бабаларымыздың асыл қасиеттері, қазақ халқына сіңірген еңбегі, күрестері мен ұлағаты кейінгі ұрпаққа өнеге болсын деп, олар туралы зерттеулер жүргізіп жариялаудың маңызы зор.

**Шолақов Адамбайдың шөбересі
Қарлығаш МҰСАҚЫЗЫ,
Алматы қаласы.**